

№ 10 (200)
ҚАЗАН 2024 ЖЫЛ

АІВҮН

Республикалық әскери-патриоттық журнал



SARBAZ.KZ



ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Бахтиер Сұлтанұлы

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова
Фархат Кинжитаев
Алуа Искакова
Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан
Құрманғалиевтің
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана
көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер
рецензияланбайды және авторларға
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы
30-сәуірде №5341-Ж күәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 823 дана. Тапсырыс № 10

МАЗМҰНЫ:

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ
ВЕДОМСТВОЛЫҚ НАГРАДАЛАР
ТАБЫС ЕТІЛДІ..... 7

ЕЛДІГІМІЗДІ АЙҚЫНДАҒАН
МЕРЕКЕ 9

ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙҒАН
ҚАЗАҚСТАН 11

ЗА ОБЩЕЕ ДЕЛО И
НА ДОЛГУЮ ПАМЯТЬ 12

САРБАЗДАР МИНИСТРДІҢ
СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ 16

ҰҚШҰ ӘСКЕРИ ЖАТТЫҒУЫ..... 18

УДАРНАЯ СИЛА..... 24

СВЯЗИСТЫ - ТЕХНИЧЕСКАЯ
ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ АРМИИ 26

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН
МҮМКІНДІГІ 30


«БАТЫРДЫҢ ТІЗЕСІНДЕ
ОТЫРЫП, ТӘРБИЕ АЛДЫМ...»..... 33

НЕЗАБВЕННЫЙ ПОДВИГ 36

ӘСКЕРИ ДЗЮДОШЫЛАР
ЖАРАДЫ..... 38



7



9



12




16



24



18



26



ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН СЕРЖАНТТАР, ОФИЦЕРЛЕР МЕН ГЕНЕРАЛДАР! ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!



Еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күніне орай өз атымын және Қорғаныс министрлігінің жеке құрамы атынан шын жүректен шыққан құттықтауды қабыл алыңыздар!

25 қазан – ел тарихындағы маңызды күн. Бүкіл әлемге егеменді ел екенімізді жариялап, Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құрды.

Халқымыз жаңа тарихи кезеңді бастай отырып, бостандық пен тәуелсіздік туралы сан ғасырлық армандарына қол жеткізді, мықты мемлекеттің іргетасы қаланды. Қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларындағы, экономикадағы,

мемлекеттік институттардағы реформаларды сәтті жүзеге асырып келеміз.

Қазақстанның даму жолындағы салмақты және теңгерімді сыртқы саясат, тату көршілік және ашық

әріптестік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, қазақстандықтардың әлауқатын жақсарту сынды басты қағидаттар мен негізгі құндылықтар сол қалпында қалады.

Қазақстан



Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда қауіпсіздікті сақтаудың кепілі ретінде Қарулы күштердің атқаратын рөлі ерекше.

Бүгінде әскерді даярлаудың қарқындылығы мен сапасы артып келеді. Қарулы күштердің әскери қызметшілері өздерінің жауынгерлік дағдылары мен өршіл рухын тәжірибеге жұмылдырып, ауқымды жаттығулар мен халықаралық жарыстарда көрсетіп жүр.

Еліміз үшін ең басты мерекеді барлық әскери қызметшілерге, Қарулы күштердің ардагерлеріне және ел азаматтарына зор денсаулық, отбасыларына амандық және тыныштық тілеймін!

УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И СЕРЖАНТЫ, ОФИЦЕРЫ И ГЕНЕРАЛЫ! ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!

Примите от меня лично и личного состава Министерства обороны искренние и сердечные поздравления по случаю празднования национального праздника – Дня Республики Казахстан!

25 октября – это важная дата в истории нашей страны. Объявив всему миру о суверенитете, Казахстан начал создавать новое независимое государство.

Встав на новый исторический путь, мы воплотили вековые мечты народа о свободе и независимости, построили сильное государство, продолжаем реформы во всех сферах общественно-политической жизни, экономике, государственных институтах.

Весь период своего развития для Казахстана неизменными остаются главные ценности: взвешенная и сбалансированная внешняя политика, добрососедство и открытое партнерство, межнациональное и межконфессиональное согласие, улучшение благосостояния казахстанцев.

В защите суверенитета



и территориальной целостности Республики Казахстан особая роль отведена Вооруженным Силам, как гаранту

сохранения безопасности. Сегодня повышается интенсивность и качество подготовки наших войск. Свою боевую

выучку и крепость духа военнослужащие Вооруженных Сил успешно демонстрируют на крупномасштабных учениях и международных соревнованиях, которые стали для нас хорошей практикой.

В этот славный день желаю всем военнослужащим, ветеранам Вооруженных Сил и гражданам нашей страны крепкого здоровья, благополучия и мирного неба над головой!

**Құрметпен,
Қазақстан
Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник
Р. ЖАҚСЫЛЫҚОВ**



МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НАГРАДАЛАР ТАБЫС ЕТІЛДІ

Қорғаныс ведомствосында ұлттық мереке – Республика күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.



деді.

Қорғаныс ведомствосының басшысы көктемгі су тасқыны кезінде халыққа көмек көрсеткен сарбаздарды, сержанттар мен офицерлерді ерекше атап өтті.

– Қазақстан аумағында және одан тыс жерлерде өткізілген халықаралық оқу-жаттығулар әскери қызметшілердің кәсіби деңгейінің артқанын көрсетті. Алдымызда жауапты міндеттер мен күрделі сынақтар күтіп тұр. Оның бәрі бізді алдағы іске сапалы, шығармашылық және кәсіби тұрғыдан қарауға міндеттейді, – деп қорытындылады Қорғаныс министрі.

Ұлттық мерекеге орай еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге қосқан үлесі, әскери және қызметтік борышын үлгілі орындағаны үшін Президенттің

Оған қорғаныс ведомствосының басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің бастықтары мен гарнизонның әскери қызметшілері қатысты.

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов жеке құрамды айтулы мерекемен құттықтады.

– Республика күні – еліміздің ең басты мейрамы, тарихи күн, халқымыздың сан ғасырғы арманы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған күнге ұлттық мереке мәртебесін қайтару

барша қазақстандықтар үшін маңызды, – деп атап өтті ол.

Министр саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардың жақсаруына тоқтала отырып, Қарулы күштер елдің осы жетістіктерін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді қорғауда тұрғанын атап өтті. Сондықтан Қазақстан Президенті – Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін армияның кәсіби құрамдас бөлігін нығайту мәселелеріне

ерекше назар аударып отыр



Жарлығымен 33 әскери қызметші мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Ел Президентінің қолынан II дәрежелі «Даңқ» орденін Әскери-теңіз күштерінің бас қолбасшысы генерал-майор Серік Борамбаев алды.

Қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-полковник Руслан Жақсылықов бірқатар

әскери қызметшілерге салтанатты жағдайда ордендер мен медальдар табыс етті.

I дәрежелі «Даңқ» орденімен авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов, Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен полковник Азамат Әбікенов марапатталды.



Мемлекеттік награда – «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне подполковник Тимур Садриев, майор Ержігіт Исманов, капитан-лейтенант Жәнібек Салықбаев, аға лейтенант Әділбек Советхан, екінші сыныпты сержант Тимур Горбунов және үшінші сыныпты сержант Нұрбол Бәжиев лайық деп танылды.

Министрдің бұйрығымен ведомстволық награда – «Ел қорғаны» медальдарымен бес, «Бітімгерлік операцияға қатысқаны үшін» медальдарымен 11 әскери қызметші марапатталды. 37 офицерге кезекті әскери атақтар мерзімінен бұрын берілді.



Бәрімізге аян, 1990 жылы мызғымас одақтың іргесі сәгілді. Құрамындағы елдер өз алдына отау тігіп, егемендігін алды. Біздің Қазақстан да тарихи шешімге келді. Сөйтіп осы жылдың 25 қазанында мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын қабылдап, тәуелсіздігін жариялады.

ЕЛДІГІМІЗДІ АЙҚЫНДАҒАН МЕРЕКЕ

ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАБЫЛДАНДЫ

1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен декларация қабылданды. Онда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланды. Елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды.

Бұл Қазақстанның тәуелсіздігіне жол ашқан маңызды құжат еді.

Сол сәттен бастап егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл декларацияның қабылдауымен егемендігін мәлім ететін жеке аумағы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардың дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Мысалы, ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын



кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілді. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланған болатын.

Қазақстанның егемендігі және аумағының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектенді. Осы акт арқылы КазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздігі пен ішкі істер органдарын, сот билігін құру құқығына

ие болды. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет — Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Ал Президент мемлекет басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық.

Сондықтан осы қағидаттардың негізінде кейінірек – 1991 жылғы 16 желтоқсанда – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Бір сөзбен айтқанда, сол кезден бастап Қазақстан егеменді елге айналуының алғышартын бастап кетті.

Еліміздің жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді.

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ БОЛДЫ

Иә, сөз жоқ, Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасуында осы декларация маңызды рөл атқарды. Бірақ жалғыз ол ғана емес, Қазақстанның тәуелсіздігі үшін республика президенті қызметін белгілеу де өте маңызды қадам болды. Және де президент бірден сайланып, қызметіне кірісті. Қазақстанның жаңа тарихындағы бұл (президент қызметін енгізу) маңызды оқиға 1990 жылдың сәуір айында болды. Оның маңыздылығы кейінірек қабылданған Қазақстанның

егемендігі туралы декларациядан кем болған жоқ.

Тағы бір айта кетерлігі, сол кездері республиканың атын өзгерту туралы алғашқы ұсыныстар болған екен. Ол жайында 12-ші шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы депутаты, декларация Александр Перегрин: «Республика атауы туралы ұсыныстар болды, бірақ Декларацияда Қазақ ССР-і деген атау қалды.

Атап айтқанда, президиум мүшесі Виталий Воронов ел атауын – Қазақ Республикасы деп атауды ұсынған-ды. Өкінішке қарай, оның ұсынысы қолдау тапқан жоқ».

Сол сияқты, министрлер кеңесі таратылып, оның орнына жаңадан министрлер кабинетінің құрылғаны Қазақстанның жаңа тарихындағы тағы бір елеулі өзгеріс болды деп есептеймін. Қазақстан орталық билікке жалтақтамастан бұл шешімді жылдам қабылдады. 1990 жылдың күзінде қабылданған «Мемлекеттік билікті нығайту туралы» заңның маңызы да өзгелерінен ешқандай кем емес еді.

КҮНТІЗБЕДЕ БОЛМАДЫ

Декларация қабылданған күнді ел Республика күні деп ұғынды. Бертінде дейін осы 25 қазан мереке ретінде ретінде тойланып келді. Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізілді. Республика күні ел 17 рет тойлады. Тек 2009 жылдан бастап бұл күн мемлекеттік деңгейде аталып өтпеді. Өйткені сол кездегі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2009 жылдың сәуір айында қол қойған «Мерекелер туралы» Қазақстанның жаңа заңына

Республика күні енген жоқ. «Ол күнтізбеден неге алынып тасталды екен?» деген сауалға келсек, кей сарапшылардың пікірінше, егемендік туралы декларацияда Қазақстанның емес, ҚазКСР-інің егемендігі жарияланды. Декларацияға сәйкес адамдарда КСРО азаматтығын сақтап қалу құқығы болды.

Сонымен қатар ол Қазақстанның халықаралық қатынастардағы дербестігіне кепілдік бере алған жоқ. Мемлекет КСРО-дан шығуға құқылы болғанымен, іс жүзінде оның құрамында болды.

«Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заң қабылданғаннан кейін ғана Қазақстан әлемдік қоғамдастық мойындаған тәуелсіз мемлекеттің заңды рәсімделген мәртебеге ие болды.

Сөйтіп, «30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» ұлттық мереке болып жария етілді. Ал Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды.

МЕРЕКЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Дегенмен, уақыт бәріне төреші. Бұл күннің маңыздылығы жөнінде ел Президенті қадап айтты.



Нақтылап айтар болсақ, 2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осылайша, сол жылдың қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының

парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сәйкес, Республика күні яғни 25 қазан – ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні, яғни, 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды.

Сенат спикері Мәулен Әшімбаев Республика күнін мемлекеттік мереке мәртебесіне қайтаруды «маңызды және тарихи шешім» деп атады. «Осы заңға сәйкес 25 қазан – Республика күні мемлекеттік мереке болып бекітіледі. Бұл – тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Сондықтан бұл күнді мемлекеттік мереке ретінде бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам болып табылады. Болашақта бұл мереке тәуелсіздікті дәріптеп, нығайтуға септігін тигізеді деп сенеміз» деді Сенат спикері.

P.S. Сөйтіп, Қазақстан халқы кейінгі жылдары қайта жаңғырған мереке – Республика күнін мемлекеттік деңгейде атап өтіп келеді. Мемлекеттігіміз тұғырлы, мәртебесі биік болсын!

ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙҒАН ҚАЗАҚСТАН

Дәл осыдан екі жыл бұрын, Ұлытау төрінде өткен Ұлттық Құрылтайда сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек...» деген болатын. Осы ұсыныстан соң, көп ұзамай 2022 жылдың қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына бірқатар түзетулер енгізеді. Жаңадан енгізілген заң аясында 25 қазандағы Республика күні – ұлттық мереке күні болып бекітіледі.



Республика аумағындағы ұлттық байлық – жер және оның қазба байлықтарға толы қойнауы, сарқылмас суы, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстары, сонымен қатар халқымыздың мәдени және тарихи жәдігерлері, экономикалық, ғылыми, техникалық әлеуеті, Халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу, сыртқы саяси қызмет мәселелерін өзінше шешу құқығы республиканың айрықша меншігіне жатқызылады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Республика дербес мемлекеттік даму жолына түсті, бұл алдымен, оның сыртқы саяси әлеуетін жүзеге асыруынан көрініс тапты. 1992 жылы 23 қаңтарда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына

қабылданғанын жария етті. Арада үш-төрт жыл өткен соң, Тәуелсіз Қазақстан елі әлемнің жүзден астам елімен қарым-қатынас жасап үлгерді. Бұл – Қазақстан Республикасының әлемдік аренадағы беделінің өсуіне ықпал етті.

Қазақ елінің өз алдына егеменді ел екендігін анықтайтын тұңғыш ресми құжат – Тәуелсіздік декларациясын қабылдағаннан кейін дербес ел ретінде өз алдына шекарасын шегендеп, мемлекеттік құжаттарын рәсімдей бастады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды.

Алдымен айтарымыз, сол кездегі он бес Одақтас Республикалардың бас қаласы саналатын – Мәскеу қаласының ортасында орын алған, 1991 жылы бүкілодаққа белгілі Тамыз оқиғаларынан кейін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен оның Қарулы Күштеріне қатысты қылаң берген дағдарыстың күшейе

түскендігі анық. Сол тұста Республикамыздың аумақтық тұтастығын мен қорғаныс мүдделерін қамтамасыз ету мақсатымен, 1991 жылдың 25 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығы жарияланып, Қазақстан Республикасының соғыс, еңбек және Қарулы Күштері ардагерлері Кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүрген Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Егемендіктің елең-алаңында елдің қорғанысының тізгінін ұстаған Сағадат Нұрмағамбетов тыңнан түрен салды. Егемендікке қол жеткізудің құжатын енді ғана қолға алған, сол кездегі жас мемлекет Қазақстан Республикасы үшін өте ауыр жылдардың кезі еді. Алайда, жасы жетпіске таяса да, мінезін 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының майдан даласында шыңдаған Сағадат Қожахметұлы берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 7 мамырдағы №745 «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы жариялануымен бір мезгілде генерал-полковник Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болып тағайындалды. Тәуелсіз Қазақстан армиясының іргетасын қалаудағы сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, 1993 жылдың 5 мамырында С.Қ. Нұрмағамбетовке еліміздің ең жоғарғы «Армия генералы» әскери атағы беріледі. 1994 жылы 23 мамырда Мемлекет



басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке «Халық қаһарманы» атағы мен №1 «Алтын Жұлдыз» ордені табыс етілді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бүгінгі таңдағы жеткен жетістіктері Сағадат Нұрмағамбетов есімімен тікелей байланысты.

Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Кеңес Одағының батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері бола тұрып, соңғы ақтық демі қалғанша бұрынғы Кеңестер Одағының өзге де республикаларында тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен достастық ретінде тығыз қарым-қатынаста болды. Бүгінгі күнде еліміздің бас қаласы Астанадағы Республикалық «Жас ұлан» әскери мектебі егеменді еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың есімімен аталады.

Биыл, тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың туғанына 100 толуына орай, еліміздің ескелең ұрпақтарына әскери-патриоттық тәрбие беру

мақсатындағы жыл сайынғы өтетін Республикалық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының халықаралық деңгейде ұйымдастырылып өткізілгенін атап өткен жөн. Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған жиынның ашылуы Алматы қаласының Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің әскери институтында өткені көңілге қуаныш ұялатады.

Осындай Сағадат Нұрмағамбетов есімді батыр ағаларымыздың өмірі мен ерлік жолынан үлгі алған жас жеткіншектеріміздің нағыз отаншыл болып, ержететіндігі анық.

Өткен жылы, «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында өткен «Батыл тойтарыс-2023» стратегиялық командалық-

штабтық әскери оқу-жаттығу жиынына қатысқан Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөйлеген сөзінде: «Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе, гибридтік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологикалық, саяси, экономикалық, және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет. Бұл – заманауи әрі кәсіби әскерге қойылатын басты талап. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақстан. Елімізді, жерімізді, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қорғау – баршамызға ортақ қасиетті парыз!» - деген еді. Бұл ретте айтарымыз, сап түзеп «...Қазақстан Республикасына қызмет етеміні!» - деп, бой түзеген әрбір әскери қызметші өзіне берілген тапсырманы бұлжытпай орындап, Отан алдындағы мінсіз қызметте адал болатынына бек сенімдемсі! 25 қазан – Республика күні мерекесі құтты болсын!

Тілек КЕНЖЕБЕКОВ
Суреттер Думан
ҚҰРМАНҒАЛИЕВТІКІ



Весной этого года во время сложной паводковой ситуации в стране военнослужащие Вооруженных сил активно участвовали в борьбе с водной стихией. Многие из этих ребят, самоотверженно и не взирая на трудности выполнявшие важнейшую задачу, сегодня прощаются с Боевым знаменем части. За помощь во время весенних паводков они награждаются ценными подарками и благодарственными письмами.



ЗА ОБЩЕЕ ДЕЛО И НА ДОЛГУЮ ПАМЯТЬ

– Огромная физическая нагрузка в период весеннего паводка в прямом смысле легла на плечи солдат срочной службы, которые укрепляли береговые линии у населенных пунктов, соорудили рукотворные дамбы, занимались разгрузкой гуманитарной помощи. В трудный для страны час армия была вместе с народом. Поэтому подаренные часы

будут служить для уволенных в запас военнослужащих напоминанием о том сложном периоде, об армейских буднях, командирах и сослуживцах, – прокомментировал заместитель министра обороны по воспитательной и идеологической работе генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев.

Вручение наручных



часов, изготовленных по специальному заказу, проходит во всех видах Вооруженных сил и родах войск на торжественных собраниях, церемониях прощания с Боевым знаменем части. В них принимают участие ветераны Вооруженных сил, представители Комитета солдатских матерей, родители, допризывная молодежь

и воспитанники военно-патриотических клубов.

В Актау свыше 300 солдат, принимавших участие в ликвидации последствий наводнения в Атырауской области, были награждены наручными часами от имени министра обороны. В Актюбинском гарнизоне – более 200 военнослужащих воинской части 30238 также получили памятный подарок.

Мероприятия организованы во всех регионах.

Так, ценными подарками наградили восьмерых военнослужащих срочной службы войсковой части 44803 Карагандинского гарнизона. В начале апреля 2024 года осложнилась ситуация в Нуринском районе Карагандинской области. Талая вода подступила к населенным пунктам, угрожая безопасности людей, грозя подтопить дома, уничтожить скот. На помощь населению первыми пришли военные. В том числе из бригады противовоздушной обороны, которая дислоцируется в регионе.

– Плечом к плечу трудились и сельчане, и госслужащие, и сотрудники МЧС, и военнослужащие, которые находились на передовой почти неделю. Общими силами соорудили защитные насыпи длиной в несколько километров в районах сел Кобетей, Карой, Заречное, Егинды. Спасибо всем, кто остался неравнодушным, – рассказывает 28-летний сельский аким Ердос Амантай.

Один из награжденных, рядовой срочной службы Ислам Аканов затрудняется вспомнить, сколько мешков с песком перенес на плечах.

– Трудились вместе – и офицеры, и солдаты. Командиры внимательно следили за состоянием здоровья военнослужащих, чтобы никто не надорвался, не простыл. Вообще, считаю, что этот выезд принес каждому из нас большой жизненный опыт – мы осознали себя как единый воинский коллектив, стали сплоченнее, дружнее, отчетливо поняли, что такое взаимовыручка, – говорит он.

Его поддерживает сослуживец Алмас Нурғалиев.

– Паводки угрожали сразу нескольким регионам, и там, где было необходимо,

помощь была оказана незамедлительно. Я убедился, какие отзывчивые и надежные у нас люди. Особенно в масштабах страны. Мы, к примеру, трудились в Карагандинской области, своими глазами видели, как поступает гуманитарная помощь, как прибывают и работают волонтеры. Это настоящее проявление единства нашего общества, – уверен молодой солдат.

В торжественной церемонии награждения военнослужащих приняли участие временно исполняющий обязанности командира войсковой части 44803 полковник Руслан Досанбаев, ветераны



Вооруженных Сил РК, воины-интернационалисты, представители республиканского общественного объединения «Комитет солдатских матерей». Приехали и родители молодых героев.

– Эти ребята достойны подлинного уважения. Я, как афганец, хочу поздравить вас с этими наградами. И отдельное спасибо вашим папам и мамам, которые воспитали настоящих мужчин, – сказал ветеран войны в Афганистане Валерий Движный.

На строевом плацу механизированной бригады Регионального

ВРУЧЕНИЕ НАРУЧНЫХ ЧАСОВ, ИЗГОТОВЛЕННЫХ ПО СПЕЦИАЛЬНОМУ ЗАКАЗУ, ПРОХОДИТ ВО ВСЕХ ВИДАХ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ И РОДАХ ВОЙСК НА ТОРЖЕСТВЕННЫХ СОБРАНИЯХ, ЦЕРЕМОНИЯХ ПРОЩАНИЯ С БОЕВЫМ ЗНАМЕНЕМ ЧАСТИ.



командования «Юг» состоялась торжественная церемония прощания с боевым знаменем части для 163 солдат срочной службы, призванных осенью 2023 года. Более 70 увольняемых солдат получили памятные часы от имени министра обороны за внесенную лепту в обеспечение безопасности граждан, организацию их эвакуации и доставку гуманитарной помощи в период весенних паводков.

В Павлодаре в ходе торжественных проводов призывников, прошедших на территории Департамента по делам обороны за вклад в борьбу за стихией были награждены Сергей Пахандрин и Ислам Хусаинов.

– Вооруженные Силы – это оплот нашего государства. Призываю вас отдать честно и добросовестно долг нашей стране, так как мы продолжаем славные





«Я УБЕДИЛСЯ, КАКИЕ ОТЗЫЧИВЫЕ И НАДЕЖНЫЕ У НАС ЛЮДИ. ОСОБЕННО В МАСШТАБАХ СТРАНЫ. МЫ, К ПРИМЕРУ, ТРУДИЛИСЬ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ, СВОИМИ ГЛАЗАМИ ВИДЕЛИ, КАК ПОСТУПАЕТ ГУМАНИТАРНАЯ ПОМОЩЬ, КАК ПРИБИВАЮТ И РАБОТАЮТ ВОЛОНТЕРЫ. ЭТО НАСТОЯЩЕЕ ПРОЯВЛЕНИЕ ЕДИНСТВА НАШЕГО ОБЩЕСТВА».

боевые традиции старшего поколения. Вы убываете на службу в преддверии 100-летия нашего Народного Героя Рыхымжана

Кошкарбаева. Память о наших фронтовиках должна жить в памяти каждого из вас, - обратился к призывникам со словами напутствия Ислам



Хусаинов.

Один из награжденных Сергей Пахандрин после окончания школы в мае 2023 года добровольно направился в отдел по делам обороны Железинского района, так как там был прописан, и попросил руководство призвать его в армию.

- После призыва нас отправили в учебный центр Карагандинской области, где полгода проходили службу. После окончания меня направили в учебный центр Сухопутных войск РгК «Юг» в поселок Гвардейск. Когда начались паводки нас в конце марта в срочном порядке перебросили для оказания помощи в г. Атырау.

Сергей признается, что впервые тогда почувствовал огромную ответственность перед своим народом и понял, что необходимо сделать все возможное для ликвидации стихийного бедствия и не допустить дальнейшего его распространения.

- Мы оказывали помощь круглые сутки в течение двух месяцев местному населению. В частности, я участвовал в строительстве дамб и помогал местным жителям, которые нас полюбили как родных сыновей. В те месяцы у меня не было мысли быстрее вернуться домой. Наоборот, было желание остаться и максимально внести свой вклад в борьбу с паводками. Нас отправляли укреплять дамбы и в поселки Атырауской области. Скажу честно, все у меня получалось с первого раза, и мои сослуживцы, глядя на мои старания, заряжались моей энергией и также усиленно работали, не считаясь со временем, - рассказывает он.

Атырауская область для парня стала вторым родным краем, а люди, которым оказывали помощь, стали словно близкие родственники.



«МЫ ОКАЗЫВАЛИ ПОМОЩЬ КРУГЛЫЕ СУТКИ В ТЕЧЕНИЕ ДВУХ МЕСЯЦЕВ МЕСТНОМУ НАСЕЛЕНИЮ. В ЧАСТНОСТИ, Я УЧАСТВОВАЛ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ ДАМБ И ПОМОГАЛ МЕСТНЫМ ЖИТЕЛЯМ, КОТОРЫЕ НАС ПОЛЮБИЛИ КАК РОДНЫХ СЫНОВЕЙ. В ТЕ МЕСЯЦЫ У МЕНЯ НЕ БЫЛО МЫСЛИ БЫСТРЕЕ ВЕРНУТЬСЯ ДОМОЙ. НАОБОРОТ, БЫЛО ЖЕЛАНИЕ ОСТАТЬСЯ И МАКСИМАЛЬНО ВНЕСТИ СВОЙ ВКЛАД В БОРЬБУ С ПАВОДКАМИ».

- Я до сих пор скучаю по тому краю и при первой возможности поеду туда и проведу там людей. Сейчас многие дома уже восстановлены, - говорит Сергей. - Молодым людям, своим сверстникам я хочу пожелать, чтобы они с удовольствием отдали долг Родине. Служба в Вооруженных Силах - это не только опыт, но и приобретение новых друзей, с которыми до сих пор поддерживаю связь.

Сам Сергей Пахандрин узнал, что награжден ценным подарком - наручными часами от имени министра обороны, когда ему позвонили из местного органа военного управления и сказали принять участие в торжественных проводах призывников. К сожалению, парень не смог принять участие в церемонии по причине занятости на работе, и на вручение часов пришла его мама. Для нее это была приятная новость. Она гордится своим сыном и рада, что он достойно отслужил в армии.



Биыл сәуірдің 22-30 аралығында Орал қаласындағы су тасқынына қарсы шараларға белсене қатысқан 28738 әскери бөлімінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілеріне ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың сыйлығы табысталды.

САРБАЗДАР МИНИСТРДІҢ СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның басқару взводының аға маманы (аға барлаушы) – қашықтықты өлшеушісі ефрейтор А.Жайлаубаев, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның басқару взводының маманы (радиотелефоншы) қатардағы Ж.Болат, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 4-ші зеңбіректі артиллериялық батареясының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы А.Степанов, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 4-ші зеңбіректі артиллериялық батареясының

аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор А.Серік, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 5-ші зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор Е.Сәкенов, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 5-ші зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор Д.Стократов, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 4-ші зеңбіректі артиллериялық батареясының сарбазы (есептоп нөмірі)

қатардағы А.Маркин, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 5-ші зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы Қ.Еменбаев, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 6-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы А.Челышев, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 5-ші зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы Н.Зинеден, 2-ші зеңбіректі

артиллериялық дивизионның 5-ші зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы М.Альбеков, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 6-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы Н.Айжарықов, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 6-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы Д.Реммель, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 6-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор А.Қабидолла, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 10-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы атқыштар взводының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор А.Қадыр, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 4-ші зеңбіректі артиллериялық батареясының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор А.Кенжехан, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 6-шы зеңбіректі артиллериялық батареясы



атқыштар взводының сарбазы сарбазы (есептоп нөмірі) қатардағы В.Бугин, 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионның 11-ші зеңбіректі артиллериялық батареясының аға маманы (аға көздеушісі) ефрейтор Ә.Орынбай қол сағатын алды. Қорғаныс министрінің сыйлығын «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Дархан Саттарұлы Әжібаев жеке құрамның алдында салтанатты түрде табыс етті. Ардагерлер атынан зениттік артиллериялық полкте үш жыл әскери

қызмет еткен Зейнолла Қалымбекұлы Тоқаев ақ тілегін білдірді. Шараға «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің жетекшісі Ақмарал Ахметжанова, сарбаздар аналарының «Аналардың жүректері» комитеті республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі Айнұр Татерова да қатысты.

Су тасқынына қарсы шараларға белсене қатысқандардың бірі – Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданынан мерзімді әскери қызметке шақырылған ефрейтор Алдияр Жайлаубаев. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы әскери және дене дайындығы мамандығы бойынша 2-ші курста оқып жүргенде академиялық демалыс алып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскерге өз еркімен келген. Әскери қызметті өтеу кезеңі аяқталған соң, оқуын тәмамдап, әскери қызметші болуға дайын. Ал, ефрейтор Әділет Орынбайдың кеудесіне табиғи апаттарға қарсы күресте табандылық пен батылдық танытқаны

үшін «Апатпен күрескені үшін» медалі бірнеше ай бұрын тағылған. «Бүгін міне Қорғаныс министрінің қол сағаты берілді. Біздің әулетіміз үшін бұл зор мақтан, үлкен құрмет», деді қуанышын жасыра алмаған анасы Роза Сәлімгерей.

Марапаттау барысында ҚР Қарулы Күштерінің зымыран әскерлері және артиллерия күні құрметіне орай жеке құрамды көтермелеу туралы бұйрық оқылды. Бір топ әскериге алғыс жарияланып, тағы бір легі мақтау грамотасын алды. 4-ші реактивті артиллериялық дивизионы 12-ші реактивті артиллериялық батареясының взвод сержанта – жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушы сержант Мерей Молдахметовке аға сержант шені мерзімінен бұрын, сонымен қатар лейтенант Олжас Мұқанов пен Еркебұлан Махмұтжановқа кезекті аға лейтенант әскери атағы берілді. Соңында 28738 әскери бөлімі мен Семейдегі политехникалық колледж арасындағы меморандумның негізінде оқу орнының 25 студенті Ашық есік күніне қатысты.





ҰҚШҰ ӘСКЕРИ ЖАТТЫҒУЫ

ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ ШЫҢДАДЫ

ЖЫЛ САЙЫН ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРТЫ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРМЕН БІРЛЕСІП, ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗЕДІ. БИЫЛ ҮШ ЕЛДІҢ АУМАҒЫНДА ӨТКЕН АУҚЫМДЫ ШАРАДА БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ӘСКЕРИЛЕРІ МЫҚТЫЛЫҒЫН, ШЕБЕРЛІГІН ТАҒЫ БІР АЙҚЫНДАДЫ.

СӨЗ БАСЫ

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының «Өзара іс-қимыл», «Іздеу» және «Эшелон» оқу-жаттығулары бар. Бұл бірлескен жаттығулар ҰҚШҰ-ның Қорғаныс министрлері кеңесі мен Қауіпсіздік кеңестері хатшылары комитетінің шешіміне сәйкес Ұйымға мүше елдердің бірінің аумағында жыл сайын өткізіліп тұрады. Жыл сайын өткізілетін оқу-жаттығулар ұжымдық күштерді басқару органдарының практикалық дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ Орталық Азия өңірінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыртқы қатерлерді бейтараптандыру жөніндегі бірлескен



операцияларды жүргізу кезінде Ұжымдық қауіпсіздік күштері құралымдарының іс-қимыл үйлесімділігін арттыруға бағытталады.

ЖЫЛ БАСЫНДА ЖОСПАРЛАНДЫ

Жыл басында ҰҚШҰ Біріккен штабының басшысы Андрей Сердюков Орталық Азия аймағындағы ұжымдық қауіпсіздікті Қырғыз Республикасының аумағында өткізу жоспарланып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ «Өзара іс-қимыл-2024» ҰҚШҰ-ның Ұжымдық жедел әрекет ету күштерімен (ҰЖӘК) командалық-штабтық оқу-жаттығуы, «Іздеу-2024»

арнайы барлау оқу-жаттығуы, ҰҚШҰ әскерлерінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету күштеріне арналған «Эшелон-2024» арнайы оқу-жаттығуы, Орталық Азия өңірі (ОАӨ) ҰЖӘК қолбасшылығымен жедел жиын, ОАӨ ҰЖӘК бөлімшелерімен «Шекара-2024» бірлескен оқу-жаттығуы өтетіні мәлім болды. Ал қыркүйек-қазан айларында Қазақстан аумағында ҰҚШҰ бітімгерлік күштерімен «Мызғымас бауырластық-2024» командалық-штабтық оқу-жаттығуы жоспарланды.

Іс-шараларды жоспарлау кезінде қазіргі заманғы қақтығыстар тәжірибесін,

атап айтқанда, арнайы әскери операцияны, Сириядағы соғысты және араб-израиль қақтығысы ескерілді. Сонымен бірге, ҰҚШҰ Біріккен штабының басшысы Андрей Сердюков айтқандай, әскери контингенттерді қайта топтастыру кезеңінде және жедел орналастыру кезінде әуе шабуылына қарсы қорғанысты ұйымдастыру; ұрыс қимылдарын дайындау және жүргізу кезінде қолбасшылықтардың ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер Қарулы Күштерінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштерімен және құралдарымен өзара іс-қимылы мәселелері зерделенді.



ҚЫРҒЫЗСТАННАН БАСТАУ АЛДЫ

Жоспарға сәйкес, қыркүйектің басында Қырғыз елі ҰШҚҰ елдерінің әскерін аумағында қарсы алды. Қырғызстандағы «Эдельвейс» полигонына Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның әскери контингенттері жетті. Олардың құрамында ішкі істер, қауіпсіздік органдары мен арнайы қызмет бөлімшелері, төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою саласындағы уәкілетті органдар, сондай-ақ ҰҚШҰ Біріккен штабы мен хатшылығының арнайы мақсаттағы күштерді қалыптастыру жедел топтары болды. Әрине, олардың қатарында Қазақстан әскері де бар.

Біздің елдің әскері «Іздеу-2024» арнайы оқу-жаттығуында көзге түсті. Олар күрделі тапсырмаларды орындау барысында ерекшеленді. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан, ойлы-қырлы жерлерде қиын жағдайға бейімделіп, жергілікті жерді бағдарлаудың үздік дағдыларын көрсетті.

Бірлескен маневрлерге қазақстандық әскерилер, оның ішінде Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері өз техникасымен және қару-жарағымен белсене қатысты. Оқу-жаттығудың белсенді кезеңін ҚР



Қарулы күштері Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Алмаз Жұмакеев бақылады. Оқу-жаттығудың жабылу салтанатында ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов іс-шараларды сапалы іске асырғаны үшін Қырғызстанның қорғаныс ведомствосы мен Ыстықкөл облысының басшылығына алғысын білдірді.

Оқу-жаттығу басшылығы қазақстандық әскерилердің кәсіби машығын мен үйлесімді іс-қимылын жоғары бағалап, ҰҚШҰ-ға мүше елдердің ұжымдық мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауға дайындығын қолдау үшін осындай жаттығулардың

маңыздылығын атап өтті.

Таулы аймақтағы жаттығулар Қазақстанның Десанттық-шабуылдау әскерлері әскери қызметшілерінің жоғары жауынгерлік дайындығы мен далалық машығын шыңдады.

Жалпы оқу-жаттығуларға барлығы 1500-ге жуық әскери

көзделді. Бірі – «Мызғымас бауырластық-2024», екіншісі – «Скала-2024» оқу-жаттығуы. Оған біздің ел тас-түйіндей дайындалды.

Алдымен ҰҚШҰ бітімгерлік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2024» ұжымдық бірлескен командалық-штабтық оқу-жаттығуы



қызметші мен 300-дей қару-жарақ, әскери және арнайы техника жұмылдырылды.

ТАС-ТҮЙІНДЕЙ ДАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан аумағында Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) елдерінің екі ірі оқу-жаттығуын өткізу

шеңберінде сынған техникаларды жөндеу пункті ашылды. Онда зымыран-артиллериялық қару-жарақты, автомобиль және сауытты техниканы жөндеу учаскелері орналасты. Оқу-жаттығуға дайындық кезеңінде 68602 әскери бөлімінің мамандары ҰҚШҰ-ға қатысушы





мемлекеттерді қоса алғанда, 30-ға жуық қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеп шығарды. ҰҚШҰ бітімгерлік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2024» бірлескен командалық-штабтық оқу-жаттығу барысында Ұлттық әскери контингенттерге қауіпсіздік шараларын сақтау сабақтары ұйымдастырылды. Ал әскери полиция қызметкерлері құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жұмылдырылды. Өз кезегінде тәртіп сақшылары дала

лагерінде әскери техниканың қозғалысы кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын қадағалады. Жауынгерлердің денсаулығы да жіті назарда болды. Ол үшін алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге дайын медициналық пункт жұмыс іске қосылды.

Сөйтіп, қазақ даласына 18 қыркүйектен бастап Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның әскери контингенттері аралас тәсілмен келіп, орналасты.

САЛТАНАТИТЫ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ

Еліміздегі «Берег» полигонында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы бітімгерлік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2024» командалық-штабтық оқу-жаттығуының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Оған Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан бітімгерлік күштерінің ұлттық контингенттері, Біріккен штаб пен ҰҚШҰ Хатшылығының жедел топтары

жұмылдырылды.

Оқу-жаттығуға қатысушыларды Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов құттықтады.

– Әлемдегі жағдай алаңдаушылық туғызады. Сол себепті біз тек өз елдеріміз үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін өзекті болып отырған түрлі сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге дайын болуымыз керек. ҰҚШҰ-ға төрағалық ету шеңберінде Қазақстан Ұйымның бітімгерлік әлеуетін дамытуды негізгі басымдықтардың бірі ретінде қабылдайды. Оқу-жаттығу барысында Ұжымдық бітімгерлік күштерінің бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияны дайындау мен жүргізу жөніндегі тапсырмаларды орындау кезінде бөлімшелерді үйлестіру мәселелері пысықталатын болады, – деп нақтылады Қазақстан Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары.

Оқу-жаттығуға қатысушыларға арнаған сөзінде ҰҚШҰ Бас хатшысының орынбасары Таалатбек Масадықов Орталық Азия аумағы дәстүрлі



түрде қалыптасып келе жатқан әлемдік тәртіптің жаһандық әскери-саяси қатысушыларының назарын аударатынын атап өтті.

– Аймақтың үлкен логистикалық мүмкіндіктері пайдалы қазба қорларымен үйлесіп, радикалды экстремизмнің таралуы мен террористік қауіптің күшеюін қоса алғанда, алпауыт державалардың үнемі бәсекелестігі мен саяси тұрақсыздыққа жағдай жасайды. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштері ұжымдық күштердің ажырамас бөлігі бола отырып, Ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында да, БҰҰ мандаты бойынша одан тыс жерлерде де ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шешімдеріне сәйкес бітімгерлік операцияларды жүргізуге үнемі дайын болуға тиіс, – деп атап өтті ҰҚШҰ Бас хатшысының орынбасары

Таалатбек Масадықов.

Оқу-жаттығудың ашылу салтанатында ҰҚШҰ Біріккен штабы бастығының бірінші орынбасары генерал-

лейтенант Хасан Калоев сөз сөйледі.

– Бүгінгі таңда ұйымға мүше мемлекеттердің әлемнің түкпір-түкпіріндегі бітімгерлік

шаралардан 25 жылдан астам тәжірибесі бар. Алдағы оқу-жаттығудың ерекшелігі әскери құралымдардан басқа бірлескен іс-қимылдарға





Ішкі істер органдарының, полицияның, Ішкі әскерлер мен Ұлттық ұлан әскерлерінің, қауіпсіздік органдары мен төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы уәкілетті органдардың бөлімшелері тартылады, – деді ол.

«МЫЗҒЫМАС БАУЫРЛАСТЫҚ-2024» – ҚАЗАҚСТАНДА

Елімізде ҰҚШҰ бітімгерлік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2024» командалық-штабтық оқу-жаттығуы 1–5 қазан аралығында Қарулы Күштердің «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында өткізілді. Оған Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан,



Ресей және Тәжікстан бітімгерлік күштерінің ұлттық контингенттері, ҰҚШҰ Біріккен штабы мен хатшылығының жедел топтары қатысты. Оқу-жаттығуға барлығы 2000-нан астам әскери қызметші, 500 бірлік бронды танк және автомобиль техникасы, Ми-17, Ми-35 тіқұшақтары, Ил-76 және Си-295 ұшақтары, ұшқышсыз басқарылатын авиация тартылды.

Жалпы Ұжымдық бітімгерлік күштер берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындады. Оқу-жаттығу барысында ведомствоаралық және халықаралық өзара іс-қимылды сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін қорғаныс және басқа ведомстволар арасындағы іс-

қимылды үйлестіруге ерекше назар аударылды.

Қазақстанда өткен жаттығуға БҰҰ-ның бітімгерлік миссияларында тікелей тәжірибесі бар және дайындықтан өткен нұсқаушылар тартылды. ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің бөлімшелері бақылау-өткізу пункттерінде, босқындарды қабылдау пункттерінде бітімгерлік міндеттерді бірлесіп шешті, жергілікті жерді патрульдеуді жүзеге асырды және гуманитарлық көмек көрсетті.

Оқу-жаттығудың салтанатты жабылу рәсімінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов қатысушылардың әрқайсысы өзінің далалық дағдылары мен кәсіби машығын арттырғанын, бейбітшілікті сақтау бойынша операция жүргізуде тәжірибе жинағанын, сондай-ақ көпұлтты күштердің іс-қимылдарын үйлестіруге дағдыланғанын атап өтті.

Айта кететіні, ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің іс-қимылын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі

генерал-полковник Руслан Жақсылықов, ҰҚШҰ Бас хатшысының орынбасары Таалатбек Масадықов және ҰҚШҰ Біріккен штабының бастығы генерал-полковник Андрей Сердюков бақылады.

«РУБЕЖ-2024» – ТӘЖІКСТАНДА

Бұдан кейін Орталық Азия аймағының Ұжымдық жедел әрекет ету күштерінің бөлімшелері Тәжікстан аумағына бет алды. Олар 11-14 қазан аралығында «Харбмайдон» полигонына орналасты. Қазақстандық әскери делегацияны ҚР Қарулы күштері Бас штабы Жедел жоспарлау департаменті бастығының орынбасары полковник Дәурен Абдулин бастап барды. Ол оқу-жаттығу ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды



нығайтуға және басқару органдары мен әскери бөлімшелер офицерлерінің даярлық деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Осылайша, Орталық Азия өңірінің Жедел өрістету Ұжымдық күштерінің «Рубеж-2024» бірлескен оқу-жаттығуы басталды. Оның салтанатты ашылу

рәсіміне Қарулы күштер Бас штабының бастығы – Тәжікстан Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары генерал-лейтенант Эмомали Собирзода, ҰҚШҰ Біріккен штабы бастығының бірінші орынбасары генерал-лейтенант Хасан Калоев, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан Қарулы



күштерінің өкілдері қатысты.

Оқу-жауынгерлік тапсырмалар белгіленіп, оны өзге қатысушылармен бірге біздің елдің әскерилері орындады. Оқу-жаттығу барысында артиллерия, шабуылдаушы және армиялық авиация қолданылды. Жауынгерлік іс-қимылдар таулы-шөлді жерлерде жүргізілді. Заңсыз қарулы құралымдарды жою және басып алынған нысандарды босату барысында тактикалық әуе десанты түсіріліп, мемлекеттік шекара учаскесі қалпына келтірілді.

Бұл «Рубеж-2024» бірлескен оқу-жаттығуына Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің, Тәжікстанның әскери контингенттері, Біріккен штабтың және ҰҚШҰ Хатшылығының жедел топтары қатысты. Барлығы 1500-ге жуық әскери қызметші,

250 әскери және арнайы техника, оның ішінде ұшақтар, тікұшақтар мен дрондар тартылды.

Жалпы оқу-жаттығулар ҰҚШҰ ұжымдық күштері қолбасшылығының әскерлерді басқарудың тұрақтылығы мен үздіксіздігін, далалық машық деңгейін және жедел әрекет ету күштері іс-қимылдарының үйлесімділігін жоспарлаудағы, қамтамасыз етудегі практикалық дағдыларын арттыруға, міндеттерді орындаудың жаңа нысандары мен тәсілдерін әзірлеуге және меңгеруге мүмкіндік береді.

Біздің Қазақстан әскери қызметшілері талай рет осы оқу-жаттығуларға қатысып, міндеттерін мүлтіксіз орындап келеді. Осы жолы да сындарлы сәтте ептіліктерін танытып, жауынгерлеріміз абырой биігінен көрінгені анық.

Рима ӘБЕУОВА

УДАРНАЯ СИЛА



Во время Великой Отечественной войны на полях сражений родилась истина, гласящая: «Артиллерия — бог войны». В настоящее время ракетные и артиллерийские подразделения являются основной огневой мощью казахстанской армии, они принимают участие в различных республиканских и международных учениях.



История Дня ракетных войск и артиллерии восходит к 19 ноября 1942 года, когда происходило кровопролитное сражение на Волге — битва за Сталинград, в которой советские артиллеристы покрыли себя неувядаемой славой. Именно в Сталинградской битве лучшим образом проявила себя фактически первая установка залпового огня — знаменитая «Катюша». Увеличение количества и качества артиллерии в годы войны потребовало совершенствования форм и видов ее применения, мастерства управления со стороны командного персонала. На Курской дуге артиллерия перемолола сотни вражеских танков, живой силы противника.

В результате гитлеровская армия потеряла около 300 тысяч солдат и офицеров, 1,5 тысячи танков и 3 тысячи орудий. Артиллерия внесла достойный вклад в Великую Победу. Более 300 артиллерийским частям и подразделениям присвоили гвардейское звание. Около 800 полков, бригад и дивизий получили почетные наименования.

Более 600 тысяч артиллеристов были награждены орденами и медалями, более 1800 человек стали Героями Советского Союза. Особое внимание стоит уделить памяти казахстанца Махмета Каирбаева, который в числе воинов-артиллеристов одним из первых казахстанцев получил звание Героя Советского Союза в годы Великой Отечественной войны.

Махмет, которому в 1941 году исполнилось 16 лет, хотел пойти на фронт добровольцем, но его заявление отклонили из-за юного возраста. Только в августе 1942 года он был направлен в Подольское артиллерийское училище, эвакуированное в Бухару, и окончил ускоренный курс

подготовки.

На полях сражений Махмет Каирбаев - с 1943 года. Он был назначен на должность командира взвода 712-го отдельного противотанкового истребительного артиллерийского полка 17-й отдельной бригады. Впервые он отличился во время битвы под Смоленском, когда ему было всего 18 лет, ему вручили орден Александра Невского. В августе 1944 года советская армия начала наступление на оккупированную Прибалтику и окружила фашистскую группировку недалеко от города Шяуляй. Здесь враг провел серию танковых атак, чтобы предотвратить прорыв к Балтийскому морю.

19 августа 1944 года на западной стороне города Шяуляй в Литве разгорелись особо ожесточенные бои. Одна из батарей была вынуждена сражаться в окружении. Махмет Каирбаев со своими 15 бойцами отразили семь атак противника и уничтожили до батальона пехоты. За проявленный героизм и находчивость в этих боевых действиях Указом Президиума Верховного Совета Советского Союза от



24 марта 1945 года нашему соотечественнику присвоено звание Героя Советского Союза, старшему лейтенанту Махмету Каирбаеву вручили орден Ленина и медаль «Золотая Звезда».

Войну Махмет Каирбаев закончил в Восточной Пруссии, в Кенигсберге. По окончании войны отважного бойца направили учиться в артиллерийскую академию им. Ф. Дзержинского, но когда руководство узнало, что отец казахского воина был репрессирован, его отчислили. Он был направлен на службу в один из артиллерийских полков в бывшем Туркестане. Но и здесь не так долго служит, по состоянию здоровья в 1946 году был уволен в запас.

С 1946 года по март

1957 года Махмет Каирбаев работал в Бескарагайском, Успенском и Аксуском районах Павлодарской области на должностях ответственного секретаря, заместителя председателя, председателя райисполкома. Активно участвует в освоении целинных и залежных земель, строит зерновой совхоз «Пограничник» в тогдашнем Ермаковском районе. Махмет Каирбаев скончался 12 июля 1996 года. Тело героя похоронено на Павлодарском мусульманском кладбище.

В соответствии с приказом министра обороны РК от 26 ноября 1997 года имя Героя Советского Союза Махмета Каирбаева навсегда зарегистрировано в списке личного состава 1-й артиллерийской батареи 1-го артиллерийского дивизиона воинской части 28738, подчиненной войскам Регионального командования «Восток» Вооруженных Сил Республики Казахстан. В этой воинской части размещены личные документы, книги и вещи Махмета Каирбаева.

**Фархат КИНЖИТАЕВ,
Думан КУРМАНГАЛИЕВ,
начальник пресс-службы
Приозерского гарнизона**



- ТЕХНИЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ АРМИИ



Связь в армии – это важная составляющая и залог успеха в выполнении повседневных и боевых задач. Свой профессиональный праздник 31 октября отмечают военные связисты казахстанской армии, обеспечивающие бесперебойную связь в повседневной жизнедеятельности войск. В канун праздника мы поговорили с начальником Департамента связи Генерального штаба Вооруженных Сил полковником Асаном Акишевым.

- Асан Рахматулович, какие основные этапы в развитии войск связи независимого Казахстана можно выделить? Кто внес весомый вклад в их развитие на заре становления казахстанских Вооруженных

Сил?

- Войска связи относятся к специальным войскам и выполняют задачи по обеспечению системы управления. В своем развитии

войска адаптируются под принятую систему управления и развиваются в ногу с технологическими прорывами в области телекоммуникации.

Разбивать на этапы развития мы не будем,

а приведем основные периоды, привязываясь к руководителям центрального органа военного управления войсками связи:

- начальный период – это сохранение боеспособности войск связи после приобретения независимости и формирование облика войск в существующей на тот момент призме времени, с учетом требований к обеспечению управления ВС РК, т. е. определение состава и структуры войск связи, численности подразделений и войсковых частей связи (период с 1992 по 2000 годы под руководством генерал-майора Орынбекова М. О.);

- второй период – определение потребности для успешного выполнения задач по обеспечению управления ВС РК в повседневной служебной деятельности, который выражен внедрением новой технической основы войск связи, совершенствованием стационарного компонента системы связи (период этапа с 2000 по 2009 годы под руководством полковника Касымханова Е. Т.);

- третий период – создание отечественных моделей техники и средств связи полевого компонента системы связи, который включал в себя внедрение и поэтапный перевод войск связи на технику и средства связи, отвечающие современным требованиям системы управления ВС РК в целом (период этапа с 2009 по 2017 годы под руководством полковника Кемербаева Т. Т.);

- и действующий период – это технологическая трансформация, т. е. новейшие решения по внедрению цифровых и информационных систем, их интеграция с существующей системой связи ВС РК с сохранением принципа унификации



(период этапа с 2017 года по настоящее время руководили полковник Курманов С. К., полковник Калижанов А. Б.).

Вместе с тем приписывать все заслуги руководителям будет не этично, ведь это труд и работа всего коллектива войск связи от рядового связиста в войсках до старшего начальника.

- Военную связь нередко сравнивают с «нервами» армии. Расскажите о значении войск связи и их основных задачах в современных условиях ведения боевых действий.

- «Нервная система» Вооруженных Сил - это понятие соответствует действительности и используется для более широкого понимания значимости системы связи.

Ведь система связи является технической основой системы управления, это та среда, по которой осуществляется обмен командами, сигналами управления, большие потоки данных и скорость обмена напрямую влияют на управляющий эффект. И как

Вы понимаете, эту систему поддерживают, обслуживают, эксплуатируют военные связисты. Соответственно, в этом деле нужна коллективная работа, ведь очень часто связисты даже не знакомы со своим коллегой на другом «конце провода», но благодаря правилам и ответственности за вверенный участок обеспечивают бесперебойную работу.

Современные условия боевых действий мы ежедневно изучаем, проводим сравнение и отрабатываем в ходе боевой подготовки войск связи, но, несмотря на высокие темпы развития вооружения и военной техники, многообразие форм и способов применения войск, основные задачи войск связи остаются неизменными, повышаются только требования с учетом технологических достижений в области связи.

- В каких международных учениях оттачивают свое мастерство и навыки казахстанские военные связисты? В каких учениях планируется принять участие

в следующем году?

- Воины-связисты ВС РК принимают непосредственное участие во всех мероприятиях боевой и оперативной подготовки, обеспечивая управление на всех этапах учений.

Интенсивность мероприятий в текущем году была настолько огромной, что отдельные связисты и подразделения большую часть учебного года провели на полигонах. И это самая лучшая форма подготовки военных связистов, позволяющая оттачивать на практике свое мастерство и эксплуатировать технику и средства связи в сложных условиях.

Наиболее крупномасштабные учения - это «Нерушимое братство», «Безграничное братство» и т. д., помимо этого в текущем году войска связи обеспечивали международное учение «Бірлестік – 2024», где руководством оборонного ведомства дана высокая оценка и поощрен личный состав специалистов связи.

В 2025 году по инициативе ЗНГШ генерал-майора Жусупова С. С. спланированы



специальные учения по связи с привлечением всех подразделений связи ВС РК, которые планируются по особому замыслу для оценки боеспособности войск связи.

- Расскажите о подготовке офицеров-связистов и специалистов среднего звена в военных учебных заведениях страны. Сколько специалистов ежегодно выпускаются?

- На сегодняшний день в ВС РК выстроена полная вертикаль по подготовке кадров:

1. Подготовка младших специалистов связи из числа военнослужащих по призыву на базе учебного центра войсковой части 03825.
2. Подготовка специалистов со средним техническим образованием в Военном колледже им. генерала армии Нурмагамбетова в г. Астана.
3. Подготовка лейтенантов войск связи в Военном инженерном институте радиоэлектроники и связи в г. Алматы.

4. Подготовка магистрантов, получение послевузовского образования на базе НУО МО РК.

Подготовка квалифицированных специалистов связи – офицеров (бакалавров) осуществляется на кафедре

связи ВИИРЭИС, ежегодно ряды офицерского корпуса войск связи пополняются в среднем на 20-25 военнослужащих. Выпускники данного учебного заведения, помимо изучения существующей на вооружении техники и средств связи,

также повышают свои интеллектуальные и профессиональные знания и умения в области IT-технологий за счет тесного взаимодействия с гражданскими техническими заведениями, с которыми налажено сотрудничество



и подписаны меморандумы. Также курсанты в период обучения проходят производственную практику в различных исследовательских и конструкторских организациях, где приобретают навыки программирования и администрирования оборудования с учетом современных технологий.

Подготовку специалистов среднего звена осуществляет Военный колледж имени генерала армии, Халық қаһарманы Нурмагамбетова С. К. в г. Астана, где мы также ежегодно выпускаем в среднем 40-50 военнослужащих по специальности «техник средств связи, радиоэлектроники и коммуникации», данные военнослужащие являются костяком и основой сержантского корпуса войск связи.

- Какую лепту в формирование кадрового потенциала связистов вносит кафедра связи и информационной безопасности, созданная на базе НУО? Каких результатов удалось достичь с момента создания кафедры?

- Как вы знаете, офицеры-специалисты связи проходили обучение в магистратурах иностранных государств, преимущественно в странах ближнего зарубежья. В 2023 году при поддержке министра обороны на базе НУО МО РК создана кафедра связи и информационной безопасности, первый набор магистрантов осуществлен в 2024 году. О результатах работы кафедры говорить, конечно, рано, но Департамент связи возлагает большие надежды на данную кафедру, мы также полагаем, что профессорско-преподавательский состав

кафедры ориентирован на подготовку высококвалифицированных специалистов, обладающих глубокими теоретическими знаниями и практическими навыками для обеспечения надежной и защищенной связи в условиях современных вызовов.

- Какая военная техника и аппаратура используется казахстанскими военными связистами для обеспечения непрерывной устойчивой связи?

- Помимо существующей техники связи со времен СССР, в войсках связи применяется современная техника и средства связи, в числе которых:

- командно-штабные машины на различной транспортной базе;
- цифровые стационарные и мобильные радиорелейные, а также тропосферные станции;
- оборудование спутниковой связи, различное периферийное оборудование и средства энергообеспечения, и многое другое.



Причем 50% нового парка техники связи является производством казахстанского оборонно-промышленного комплекса.

- За последние годы существенно изменилась система передачи данных. Современные технологии сегодня позволяют передавать большой объем данных за очень короткое время. Как развитие технологий отражается на деятельности военных связистов, и какие новшества были внедрены в работу связистов за последние годы?

- Как я говорил выше, система и войска связи не стоят на месте. Новые технические решения, появляющиеся в войсках связи вооруженных сил других государств, оперативно доходят и до нас, логистика и рынок это позволяют. Более того, оборонно-промышленный комплекс нашего государства оперативно реагирует на все наши запросы и потребности. Как результат нашей работы, не раскрывая всех деталей, могу сообщить,

что за последние три года мы провели более двадцати опытных войсковых испытаний новой техники и средств связи, при этом большую долю приняли на вооружение.

Безусловно, это высокотехнологичные изделия, и вся современная техника и средства связи требуют от связистов широкого спектра знаний в области телекоммуникаций.

Могу даже сказать, что развитие технологий в войсках позволяет нам готовить высококвалифицированных специалистов в области связи, а это большой спрос не только в армии, но и в гражданской сфере с высокими коэффициентами оплаты труда.

Поступив на службу в армию, к примеру, на срочную воинскую службу, мы даем специальность, востребованную на рынке труда. Я так понимаю, этого примера достаточно, чтобы оценить значимость наших военных связистов.

МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ: АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН МҮМКІНДІГІ

2023 ЖЫЛЫ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ТАРТЫЛҒАН 17 927 САРБАЗ ҮШІН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ТЕГІН ОҚУҒА 1500 ГРАНТ БӨЛІНГЕНІН ЖУЫРДА ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ШАЙХ-ХАСАН ЖАЗЫҚБАЕВ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА МӘЛІМ ЕТТІ. ОНЫҢ АЙТУЫНША, КОНКУРСҚА ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНЕН 8169, ҰЛТТЫҚ ҰЛАННАН 6 441, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНЕН 315, ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕН 2715, МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНЕН 287 САРБАЗ ҚАТЫСТЫ. ІРІКТЕУДІҢ АШЫҚТЫҒЫН «СРОЧНИК 2.0» ЦИФРЛЫҚ АҚПАРАТ ЖҮЙЕСІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ. ОҒАН КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ 161 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ САРБАЗДАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ МЕН ТӘРТІБІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗДІ. 1031 САРБАЗ ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРДІ. БӨЛУ РЕТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ РЕЙТИНГІНЕ ҚАРАЙ КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҮШ БАЗАСЫ БОЙЫНША АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ ӨТЕГЕНДЕР ҮШІН ТАҒЫ БІР МҮМКІНДІК – ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕР БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА КОНКУРССЫЗ ҚАБЫЛДАНУ. ӘСКЕРИ КАФЕДРАДА ОЛ ТЕГІН ОҚИ АЛАДЫ. БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА 20-ДАН АСТАМ АДАМ ТҮСКЕН.

МИНИСТР ОРЫНБАСАРЫНЫҢ АҚПАРАТЫНА ЖҮГІНСЕК, 2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП БІЛІМ БЕРУ ЖЕҢІЛДІКТЕРІН АЛУҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛЕДІ. ЕКІ БЕЙІНДІК ПӘН БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУ ҚОСЫЛАДЫ. БҰДАН БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ БЕРІЛГЕН САРБАЗДАР ШӘКІРТАҚЫ АЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР АЛҒАШҚЫ ОҚУ ЖЫЛЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАТАҚХАНАСЫНА ОРНАЛАСУЫНА ДА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ.

Үкіметтің 2024 жылдың 26 қыркүйектегі қаулысымен ҚР Президентінің «Әскери міндеттілерді резервке және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2024 жылы міндетті әскери қызметке

кезекті шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы қаулысына өзгерістер енгізілді. Түзетулер облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне шақыру комиссияларының

жұмысын ұйымдастыруды, наурыз-маусым және қыркүйек айларында кейінге қалдыруға құқығы жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы 40 202 азаматты әскерге шақыруды қамтамасыз етуді талап етеді. Бұған дейін 2024 жылы 39 180 қазақстандықты әскерге шақыру жоспарланған болатын.

Еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өтеуге «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдеріне 2023 жылдың екінші шақырылымында 1575 азамат шақырылды. Оның 1137-і түрлі жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірді. Нәтижесінде 140 сертификат, оның 22-і жоғары әскери оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін ұсыным

алды. 2024 жылдың бірінші шақырылымында шақырылған 1358 мерзімді әскери қызметшінің 814-і жоғары білім алуға өтініштерін жеткізген. Бұл шақырылымдағы жауынгерлер үшін жоғары оқу орнында тегін оқуға бөлінер гранттың қорытындысы 2025 жылдың маусым айында белгілі болады.

Абай облысы қорғаныс істері департаменті берген дерекке сүйенер болсақ, әскери борышын өтеп келгендер саны 916-дан асса, әскери борышын өтеп жатқандар саны 1 мыңға жуықтайды.

ӘСКЕРДЕН KEЙІНГІ ТЕГІН БІЛІМ АЛУ

Мерзімді әскери қызметін атқарған әскери қызметшілердің білім алуы



2023 жылдан басталды. Мерзімді әскери қызметке келу, жауынгерлік пен әскери-кәсіптік даярлықта және әскери тәртіпте жоғары нәтижелер көрсету, Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызмет өткеру нәтижелері негізінде тегін жоғары білім беру жөнінде шешім қабылдау, жоғарғы оқу орындарының білім беру бағдарламасын таңдап, Қорғаныс министрлігінен ұсыныс алу, мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін 2 жыл ішінде жоғарғы оқу орындарына келіп, ұлттық бірыңғай тестсіз оқуға түсу – тегін білім алу үшін әскери қызмет өткерген азаматтарды іріктеудің тәртібі.

Тегін білім алуға үміткерлер жауынгерлік әзірлік бағдарламасын меңгеру деңгейіне, жеке тәртібіне, тәуліктік нарядта қызмет атқару барысында арнайы міндеттерді толық орындауына, психологиялық жай-күйіне қарай іріктеледі. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін 2 жылдың ішінде ҰБТ есепке алмай, әңгімелесудің нәтижесі бойынша ақылы негізде жоғарғы оқу орындарына оқуға түсудің, анағұрлым лайықты әскери қызметшілер үшін жоғарғы оқу орындарының есебінен тегін жоғары (оның ішінде жоғары білімнен кейінгі) білім алудың, емтихансыз грант негізінде




жоғарғы оқу орындарының әскери кафедрасына (офицер атағын алу үшін) түсудің, анағұрлым лайықты әскери қызметшілер үшін емтихансыз және ҰБТ есепке алмай ҚР ҚМ әскери оқу орындарына түсудің мүмкіндіктері, ҰБТ тапсырусыз ақылы және тегін білім алу үшін мерзімді әскери қызмет өткерген сарбаздарды 5 балдық есеп бойынша бағалаудың тәртібі бар. Мемлекеттік-құқықтық, тактикалық, барлау, оқ ату, техникалық даярлықтар, көлік жүргізу, РХБ қорғау, инженерлік, саптық, байланыс бойынша дайындықтар, жалпыәскери жарғылар, дене шынықтыру және әскери-

медициналық әзірлік пәндері бойынша бағаланады.

2022 жылдың көктем және күз мерзіміндегі әскерге шақырту бойынша 29 491 сарбазға жеңілдетілген 3 мың орын, әскери жоғары оқу орындарына 350 орын берілді. Мысалы, 2022 жылы күзгі әскерге шақырылғандарға жеңілдетілген білім алу үшін 1500 орын бөлінген болса, жоғары оқу орындарына түсуге 11 460 азамат тілек білдірді. Бұл 66,4% құрайды. Оның ішінде Қорғаныс министрлігіне 5 286 (71,8%), Ұлттық ұланға 4 938 (77,1%), ҰҚК шекара

қызметі мен Төтенше жағдайлар министрлігіне 1 236 (36,3%) сарбаз ниет танытты. Әскери жоғары оқу орындарына түсу мақсатында барлығы 830 адам, нақтырақ айтар болсақ, Құрлық әскерлерінің әскери институтына 310, әуе қорғанысы күштерінің әскери институтына 320, радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына 200 сарбаз баынат ұсынды.

2022 және 2023 жылдары еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өткеру үшін 146 әскери бөлімге 52 000 жауынгер шақырылды.



Олар «Срочник 2.0» цифрлық платформасына тіркелді. Цифрлық жүйе басқа білім беру платформалары секілді интернет арқылы жұмыс жасайды. Жүйе пайдаланушы үшін қолжетімді. Яғни, сарбаздар өз баға нәтижелерін еш кедергісіз көре алады. Дегенмен жүйені қорғаудың бірнеше деңгейі бар. Цифрлық жүйенің өзі үйлестіруді жүзеге асырады. Соған қарамастан заңдылықты сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында орындарды бөлудің сәйкестігін тексеретін комиссия құру қарастырылған. Құрамына ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшелерінің білім беру, кадр, жауынгерлік әзірлік, тәрбие жұмысы, әскери полиция саласының қызметкерлері кіреді. Сонымен қатар, қоғам өкілдері

мен әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі қызмет те бар.

Айта кететін тағы бір мәселе: жауынгерлік даярлық сабақтарында қауіпсіздік шараларын бұзған, әрекеті жарақаттануға немесе адам өліміне әкеп соқтырған, әкімшілік жауапкершілікке қатысты тәртіптік теріс қылық жасаған, тәуліктік нарядта қызмет атқару кезінде ауыр зардаптарға әкеп соқтыратын қауіпсіздік шараларын бұзған, шартты шахтамен диверсанттардың кіруіне жол берген, өзара қарым-қатынастың жарғылық қағидаларын сақтамаған, спирттік ішімдік ішу немесе басқа да масаң күйде болып, қару мен оқ-дәрілерді ұрлаған, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттеріне барған сарбаз байқауға жіберілмейді. Егер мерзімді әскери қызметшіден

барлық тәртіптік жазалар алынғаннан кейін үш ай кәлемінде қайталанбаса, ол конкурске қатыса алады. Бұған дейін қандай да бір тәртіп бұзушылықтар мен теріс қылықтар жасап, конкурстық іріктеуге қатысуға жіберілмеген мерзімді әскери қызметші әскери борышын орындау кезінде ержүректілік, батылдық, жауынгерлік дайындықта қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін өте жақсы игеруде жоғары көрсеткіштер көрсеткен жағдайда, ҚР ҚМ басшылығының шешімімен конкурске қатысу мүмкіндігін қалпына келтіруге құқы бар. Рейтинг нәтижелерімен келіспеген мерзімді әскери қызметшілер апелляция жүргізу және объективті бағалауға көз жеткізу үшін саты бойынша жазбаша түрде жүгінуге де құқылы.

Бұл мемлекеттің гранты емес, жоғары оқу орындары мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтарға ҰБТ есебінсіз оқуға және оқуға түсуге толықтай жеңілдік береді. Бұған қоса ЖОО-да гранттар босатылып, үлгерімі жақсы азаматты осы грантқа ауыстырған жағдайда, грантқа ауысу және стипендия алу мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды. Қазіргі уақытта еліміздің 80-нен астам жоғары оқу орнымен келісімге қол қойылды. Алдағы уақытта ЖОО санын одан әрі көбейту жоспарлануда. Өзбекстан, Беларусь, Корея сияқты бірқатар мемлекеттерде мерзімді қызметтегі әскерилерге жеңілдіктер болғанымен, біздегі тәжірибе еш жерде жоқ.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ



«БАТЫРДЫҢ ТІЗЕСІНДЕ ОТЫРЫП, ТӘРБИЕ АЛДЫМ»

АЛДАҒЫ КЕЛЕ ЖАТҚАН 2025 ЖЫЛЫ ЖЕР ШАРЫНДАҒЫ БҮКІЛ АДАМЗАТ БАЛАСЫНА ҮРЕЙ ТУҒЫЗҒАН ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСЫНЫҢ БАСТЫ МАЙДАН ДАЛАСЫНА АЙНАЛЫП, 1941-1945 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫН ҚАМТЫҒАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖЕҢІСІНЕ 80 ЖЫЛ ТОЛУЫН АТАП ӨТЕТІН БОЛАМЫЗ. ГИТЛЕРЛІК НЕМІС БАСҚЫНШЫЛАРЫНА ҚАРСЫ 1418 КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН СОЛ СОҒЫСТЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСІНЕ ЖЕТУДЕГІ ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ЕРЖҮРЕК БАТЫР РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЕН ЕРЛІГІ КӨПШІЛІКKE МӘЛІМ. СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ЖАНЫНДАҒЫ ҚАРУЛАС ДОСЫ ГРИГОРИЙ БУЛАТОВПЕН БІРГЕ, НЕМІСТІК ФАШИСТЕР БЕКІНІСІНІҢ БҰЗЫЛМАС ҚАМАЛЫНА АЙНАЛҒАН РЕЙХСТАГҚА ТАБАН ТІРЕП, ЕҢ БІРІНШІ БОЛЫП ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 100 ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫ ОРАЙДА, РЕЙХСТАГ ҚАБЫРҒАСЫНА ЕҢ АЛҒАШ ЖЕҢІС ТУЫН ІЛГЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ, ЕРЖҮРЕК ҚАҺАРМАН РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ КӨЗІ КӨРГЕН, ОНЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕРЛІК ЖОЛЫНАН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ АЛҒАН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНДА ТҰРАТЫН 79 ЖАСТАҒЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ДАКЕНОВ ЕСІМДІ АҚСАҚАЛМЕН СҰХБАТ ЖҮРГІЗГЕН ЕДІК. СОЛ СҰХБАТТЫ КӨПШІЛІК ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІК.

– Армысыз, Жақсылық ата? Қазақтан шыққан батырымыз, Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың көз алдында есейіп, ер жеткен сізді көргенімізге өте қуаныштымыз. «Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық» демекші, сізге сонау «әскери қалашық» деген атпен танымал алыстағы Приозерск гарнизоны орналасқан Приозерск қаласынан арнайы келіп жеткенімді жеткізгім келеді. Менімен бірге сізбен кездесуге Балқаш қаласындағы «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейдің «Жас өркен – жастар медиасы» орталығының



жас тілшілері де келіп отыр. Сіз өзіңіз қашан, қай жерде дүниеге келдіңіз?

– Мен, жаудан тайсалмаған батыр жауынгерлеріміз соғыста Жеңіске жеткен 1945 жылдың мамыр айының 28-ші жұлдызында дүниеге келген екенмін. Туған жерім – Тасарал ауылы. Балқаш көлінің жағалауында орналасқан Тасарал ауылы бүгінгі күнде Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының құрамына енгізілген.

Қазіргі таңда, Балқаш қаласында тұрамын. 79 жастамын. Үш қызым бар. Отбасымызда Құдай қосқан қосағым Қисықова Есенбала Сейітуамалқызы екеуіміз 3 ұл мен 1 қыздан құралған немерелерге бас-көз болып отырмыз.

– Менің сізбен осы сұхбатты жүргізуіме түрткі болған республикалық «Хабар» телеарнасында көрсетіліп, еліміздегі әлеуметтік желілерде жарық көрген «Өмір жолы. Рақымжан Қошқарбаев» тақырыбындағы бейнетүсірілім еді. Сіз ол дүние жайында не дейсіз?

– Ия, оны білем. Жақсы таныспын. Ол жарық көрген материалда алдымен: «... дегенмен, Рақымжан батырмын деп кеуде

соқпады. Ту тіккенін жария етіп ешкімге айтпады, елге Ақмолаға оралды. Соғыстан кейінгі ауыл өмірі жадау (жүдеу) еді. Елдің бәрі жан бағудың қамымен жүрді. Рақымжан да бірден жұмысқа араласты. Сөйтіп көп ұзамай Гүлжиһан есімді бойжеткенді ұнатады. Рақымжан өте келбетті, батыр тұлғалы жігіт болған. Қыз да ел мақтаған жігіттің етегінен ұстап кете барды» - деп, суреттесе, одан әрі бейнетүсірілімде: «Үйлене салысымен ерлі-зайыптылар Мойынты-Шу теміржол құрылысына жұмысқа келеді. Сарышаған станциясында тұрады. Жас отбасына үй береді. Жұмыс беріп жағдайлары түзеледі. Бірақ бұл бақытты күндері ұзаққа бармайды. Аяғы ауыр Гүлжиһан баланы босану үстінде көз жұмады. Рақымжан кішкентай шақалақпен жалғыз қалады. Ұл бала еді, бірақ сәбидің де күндері санаулы екен. Алты айлық кезінде шетінеп кетті. Таудай тұлға бір сәтте шөгіп қалады. Тағдырына налиды. Мең-зең күй кешеді» – деп, көрсетілген.

– Мен де қарап отырмай, осы бейнетүсірілімді көрген соң, жан-жақты іздене бастадым. Сенсеңіз, бір-екі ай бойы қанша талпынсам

да, жолыққан адамдардан көңілге қонарлық ешқандай материал таппай қор болдым. Содан бір күні сәтін салып, жолға шығып едім, маған Приозерск қаласы мен Сарышаған арасындағы жолаушыларды тасымалдайтын Жұмағали есімді такси жүргізушісінің кезігіп қалмасы бар емес па?! Жолда ол маған сіз жайлы бәрін баяндап берді. Содан сіздің тұратын мекен-жайыңызды анықтап, бүгін міне, өзіңізбен арнайы жүздесу үшін Балқаш қаласына келіп жеттім. Сіз сол Жұмағалиды танысыз ғой?

– Әлбетте, жақсы танымын Жұмағали інімізді. Ол – Сарышаған станциясының бұрыннан бері тұрып келе жатқан тұрғындардың бірі. Көп нәрседен хабары бар.

Ендігі кезекте, Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевты қашан, қай кезде көргенімді баяндап берейін.

Біз барша халық танитын, Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың есімін жақсы білсек, менің де Рақымжан Дакенов деген үлкен ағам бар еді. Екеуі де есімдері аттас болғандығынан шығар, бір-бірін туғанындай жақын көріп, жақсы сыйлас болды.

Қос Рақымжанның таныстығы Ұлы Отан соғысының алдында, Балқаштағы фабрика-зауыт училищесінде бірге оқып жүрген кезінде басталған екен. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін, әскер қатарына шақырылғандар қатарындағы Рақымжан Қошқарбаев офицерлерді даярлайтын Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы әскери оқу орнына жіберілсе, менің ағам Рақымжан Дакенов Қиыр Шығыстағы майданға аттанады. Майдан даласынан аман-есен елге келе жатқан ағам Рақымжан жолда пойыз ішінде байырғы сырласы Рақымжан Қошқарбаевпен кездесіп қалып, екі дос қайтадан қауышады. Өздерінің туған елдеріне жеткен соң, екі дос бір-бірімен хат жазысып, хабар алып тұрады. Менің ағам досына жазған бір хатында Рақымжан Қошқарбаевқа осында Мойынты-Шу теміржолы құрылысының басталғанын жазып, өзінің Сарышаған станциясында еңбек етіп жүргендігін жеткізеді. Көп ұзамай Рақымжан Қошқарбаев та жетіп, менің ағам Рақымжан Дакеновпен бірге теміржол құрылысына бел шешіп кіріседі.

– Демек, сіз батыр тұлғасындағы Рақымжан Қошқарбаевты дәл сол кезде көрген боларсыз?

– Өз отбасымыздың үлкендігін көрсете білген ағам Рақымжан алыс Тасарал ауылында қалған бізді үй-ішімізбен бірге осы Сарышаған станциясына көшіріп әкеледі. Рақымжан Қошқарбаев менің үлкен ағаммен бірге жүріп, бірге еңбек етеді. Мен ол кезде бар-жоғы 5-6 жастағы бала едім. Көп кешікпей Рақымжан Қошқарбаев та үйленді. Оларға шаңырақ көтерген жас отбасы ретінде үй берілді.

Менің білетінім, ол

кезде жергілікті тұрғындар ауыз суды Балқаш көлінен таситын еді. Рақымжан Қошқарбаевтың жұбайы Гүлжиһанның аяғы ауыр, суды таси алмайтындығынан, мен онымен көлге бірге барып, су алып келуіне көмек беретінмін. Мамандығы мұғалім Гүлжиһан анамыз бастауыш сынып оқушыларына сабақ берді. Бірде аяғы ауыр Гүлжиһанның толғағы қысып, менің анамды шақыртқаны есімде. Анамның соңынан қалмай, мен де қоса бардым. Ауыр жағдайдағы Гүлжиһанға анамның көмектескенін және оны ауруханаға алып кеткенін көзім көрді. Одан кейін Гүлжиһанның қайтыс болып, жерленгені еміс-еміс есімде қалғаны бар.

Отбасымыздағы менен үлкен марқұм Амангелді ағамның айтып кеткен естелігі бойынша Гүлжиһан анамыздың денесі Приозерск қаласынан Сарышаған станциясына қарай шыға берістегі жолдың сол жақ қанатында орналасқан Исабектің Ақтайының шабындығындағы жалғыз төбенің басына апарып, арулап жерленген екен. Арада жарты жыл өткенде Рақымжан Қошқарбаев шетінеген ұл баласын сол анасының қасына жерлепті.

– Сіз сол кезде бар-жоғы 5-6 жастағы бала болсаңыз да, біз үшін қаһарман Рақымжан Қошқарбаевты көзі көрген жан ретінде қалатындығыңыз анық. Енді сіз, бүгінгі сексен жасқа бір табан жақын қалған шағыңызда, төрт жылға созылған сұм соғыстағы қол жеткізген Ұлы Жеңістің ең алғаш Туын желбіреткен, қазақтан шыққан ержүрек Рақымжан Қошқарбаевтың батыр тұлғадағы бейнесін, егеменді еліміздің өскелең

ұрпағының алдында қалайша суреттеп берер едіңіз?

– Мен, өз басым Рейхстагта Жеңіс Туын ең алғаш желбіреткен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолынан көп сабақ алдым.

Рақымжан Қошқарбаев өте бала жанды еді. Өзінде бала болмаған соң болар, бізге үнемі қамқор бола білді. Мені алдына отырғызып алып, үлкен ағам Амангелдінің сабағын қадағалайтын. Батырдың тізесінде отырып, тәрбие алдым десем де болады. Үнемі бізге дұрыс бағыт-бағдар беретін еді.

Әлі есімде, бала кезіміздегі біз тұратын Сарышаған станциясында да соғысқа қатысқандар көп еді. Ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, менің ағам Рақымжан Дакенов және тағы да басқа соғысқа қатысқан ардагер ағалар бәрі жиналып алып, бастары қосылған ортада майдан даласындағы ерліктерін жырлап айта бастайтын еді. Ойын баласы емеспіз бе, содан қызықты көріп, тыңдау үшін ат шапқылап біз де жететінбіз. Содан әңгіме-дүкен басталады. Біреуі танкімен жауды атқылағанын айтса, екіншісі ұшқыш ретінде жау төбесінен қаншама бомбалар

тастағанын айтып жырлайды. Ал, тағы біреуі басын көтеріп, өзінің мерген болғандығын айтып мақтанса, тағы біреуі зеңбіректен бірнеше мәрте неміс жауынгерлеріне оқ жаудырғанын айтып масаттанады. Сол әңгіме қызған шақта Рақымжан Қошқарбаев орнынан тұрып: «Мен Рейхстагқа Ту тіккенмін» дейтін еді. Сонда қасындағылары: «Ей, сен өтірік айтпа, Жеңіс Туын тіккен сен емес, Егоров пен Кантария еді» - деп жеңістік бермейтін еді. Сонда Рақымжан ағамыз мырс етіп, күлетін де қоятын. Енді ол кезде тарих солай солақай тұсқа бұрмаланған соң, көнбеске амал бар ма?! Шындық қап түбінде жата бермесі анық. Қазір енді қазақтан шыққан Рақымжан Қошқарбаев пен оның қарулас досы Григорий Булатов екеуінің Рейхстаг қабырғасына ең алғашқы болып Жеңіс Туын қадағанын қалың көпшілік мойындап отыр.

Сондықтан да, ел келешегі өскелең ұрпаққа менің де айтарым көп..... Рақымжан Қошқарбаев – қазақ халқының мақтанышы. Кеңес Одағының Батыры атағына қол жеткізбесе де, елі Рақымжан батырын көкке көтеріп «Халық Қаһарманы» атағын берді. Еліміздің төрінде еңсели ескерткіші бой көтерді. Көптеген

қалалар мен елді мекендерде Рақымжан Қошқарбаев атындағы мектептер мен көше атауларының қатары көбейіп келеді. Алдағы күндеріне зор сеніммен қарайтын жас жеткіншектеріміз барда Рақымжан есімінің мәңгі жасай беретініне сенімдімін!

– Сізге, бізбен сұхбат беруге келіскеніңізге көп рахмет! Былғы келіп жеткен Рейхстагқа Жеңіс Туын ең алғаш желбіреткен, Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев атамиздығың туғанына 100 толуы құтты болсын! Келесі жылы Ұлы Жеңіске 80 жыл толуымен қатар, сіз де 80 жасқа толады екенсіз. Сізге өмірдегі бар бақытты тілейміз! Денсаулығыңыз мықты болсын, жүз жасаңыз!

– Осы кездесуді ұйымдастыруға атсалысқан өздеріңеайтар алғысым шексіз. Сонымен қатар келешектерінен көп үміт күттіретін Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің «Жас өркен – жастар медиасы» орталығының жас тілшілеріне де, өзіңе де көп рахмет.

Сұхбатты жүргізген Тілек КЕНЖЕБЕКОВ Приозерск қаласы – Сарышаған станциясы – Балқаш қаласы



19 октября исполняется 100 лет со дня рождения Рахимжана Кошкарбаева. Подвиг казахстанца, который один из первых водрузил Знамя Победы во время штурма рейхстага, в первые послевоенные годы едва не остался незаслуженно забытым. Однако память о подвиге сохранилась. Большую роль в этом сыграли герой обороны Москвы панфиловец Бауыржан Момышулы, представители казахстанской интеллигенции, среди которых Какимжан Казыбаев, писатели Габит Мусрепов, Габиден Мустафин, Абдильда Тажибаев. Сам Кунаев представлял просьбу о награждении Кошкарбаева в ЦК КПСС лично Леониду Ильичу Брежневу

НЕЗАБВЕННЫЙ ПОДВИГ

Рахимжан Кошкарбаев родился в селе Тайтобе Акмолинской губернии. В 13 лет остался сиротой и оказался в детском доме, в связи с тем, что его отец в 1937 году был репрессирован. По окончании семи классов школы поступил в фабрично-заводское училище. С началом войны стал проситься в Красную армию, на тот момент ему было всего 16 лет. Только в августе 1942-го попал в стрелковый полк в городе Кокчетав, где проходили военную подготовку солдаты из Казахстана и стран Средней Азии, за два месяца до 18-летия. Пробыл там до лета 1943 года. Потом его направили в Тамбовское общекорпусное пехотное училище, эвакуированное во Фрунзе (ныне Бишкек). Лишь в октябре 1944-го года младший лейтенант Кошкарбаев, с отличием окончив училище, отправился на передовую. Уже в первых боях подтвердилась храбрость и бесстрашие казахстанского солдата. В апреле 1945 года, прорвав оборону

противника с плацдарма на западном берегу реки Одер в районе Гроениндорфа, Кошкарбаев во главе штурмового взвода вышел к каналу Фридландерштрот. Используя исключительно выгодный рубеж для обороны, противник пытался приостановить продвижение советских частей. Взводу Кошкарбаева было приказано на подручных средствах преодолеть водную преграду, захватить плацдарм на западном берегу канала и способствовать переправе основных сил полка. Прикрываясь огнем орудий прямой наводки, взвод под командованием Кошкарбаева достиг противоположного берега канала и стремительным броском ворвался в немецкую траншею. «В траншейном бою, доходящим до рукопашной схватки, взвод истребил более 40 немецких солдат, захватил три крупнокалиберных пулемета и из трофейного оружия открыл интенсивный огонь по огневым точкам врага. Воспользовавшись



успехом взвода тов. Кошкарбаева, было переправлено еще несколько штурмовых групп. В бою 29.04.1945 года взвод в числе первых форсировал реку Шпрее, ломая ожесточенное сопротивление врага. За дни боев, проведенных от Одера до рейхстага, взвод истребил более 200 немецких солдат и офицеров и 184 захватил в плен, с боем захватил 14 полевых орудий вместе с прислугой, 27 крупнокалиберных пулеметов и много другого вооружения», - говорилось в наградном листе на имя героя.

К концу войны лейтенант Кошкарбаев - командир взвода разведки 674-го стрелкового полка 150-й стрелковой дивизии.

30 апреля 1945 года состоялся решающий штурм нацистской цитадели. К тому времени советские войска окружили рейхстаг, и до цели оставалось всего метров двести: королевская площадь, канал, заградительные сооружения. И все это пространство находилось под шквальным огнем оборонявшихся фашистов. Согласно журналу боевых действий 150-й стрелковой дивизии, в 14 часов 25 минут 30 апреля 1945 года лейтенант Кошкарбаев и рядовой Булатов «по-



пластунски подползли к центральной части здания и на лестнице главного входа установили красный флаг».

Это подтверждает в своей книге «Мы штурмовали рейхстаг» Герой Советского Союза И. Ф. Клочков, который написал, что «лейтенант Р. Кошкарбаев первым прикрепил к колонне красный флажок».

Вот как описывает водружение первого красного знамени сам Кошкарбаев:

«Комбат Давыдов подвел меня к окну. «Видишь, говорит, рейхстаг? Подбери нужных людей, будешь водружать флаг». И передал мне темный, довольно тяжелый сверток - флаг, завернутый в черную



бумагу.

С группой разведчиков я выскочил из окна. Вскоре нам пришлось всем залечь. Начался сильный огонь. Возле меня остался один боец. Это был Григорий Булатов. Он все спрашивал: «Что мы будем делать, товарищ лейтенант?» Мы лежали с ним возле рва, заполненного водой. «Давай поставим свои фамилии на флаге», — предложил я ему. И мы химическим карандашом, который у меня оказался в кармане, тут же под мостиком лежа написали: «674 полк, 1 б-н». И вывели свои имена: «Л-т Кошкарбаев, кр-ц Булатов».

Мы тут пролежали до темноты. Потом началась артподготовка, и с первыми же выстрелами мы подбежали

к рейхстагу. Я поднял Булатова, придерживая его за ноги, и тут на высоте второго этажа установили флаг».

За совершенный подвиг командование полка представило лейтенанта Кошкарбаева и красноармейца Булатова к званию Героя Советского Союза, был подготовлен и подписан наградной лист, но награжден он был только орденом Красного Знамени.

А звание героев получили те самые Егоров и Кантария, которые тоже водрузили свое знамя над рейхстагом, но были они далеко не первыми.

Восхищались героическим подвигом двух отважных известных писателей Борис

Горбатов, в то время военный корреспондент, и известный кинооператор Роман Кармен. «В самом деле, пора уже перестать сравнивать воинов нашей армии с орлами и беркутами. Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами водрузил Знамя Победы над Рейхстагом. Чтобы показать такого героя, нужен совсем иной поэтический строй, иные образы, иная поэзия», - писал Горбатов в статье, помещенной в «Литературной газете» от 18 декабря 1948 года.

После войны Кошкарбаев работал управляющим гостиницы «Алма-Ата» в южной столице. Написал две книги «Знамя Победы»



и «Штурм». Рахимжана Кошкарбаева три раза избирали депутатом Советского районного Совета народных депутатов города Алма-Ата.

«Отец никаких эмоций не выказывал, иногда мне даже казалось, что ему было все равно — признали его подвиг или не признали. Он никогда себя не выпячивал. Он жил здесь и сейчас. Был хорошим отцом, хорошим мужем, хорошим другом... Он очень любил жизнь. У него было много друзей, и в нашем доме никогда не закрывались двери — каждый день мы встречали гостей», — вспоминала его

дочь Алия.

Рахимжан Кошкарбаев скончался в 1988 году. После обретения Казахстаном независимости, Указом Президента республики Нурсултана Назарбаева ему посмертно было присвоено звание «Халык Қаһарманы». Кроме того, за подвиги, совершенные на полях Великой Отечественной, наш земляк был награжден орденом Боевого Красного Знамени, орденом Великой Отечественной войны 1 степени, медалями «За взятие Берлина», «За освобождение Варшавы».

Фархат КИНЖИТАЕВ



ӘСКЕРИ ДЗЮДОШЫЛАР ЖАРАДЫ

Қазанның 16-18 аралығында Ташкентте әскери қызметшілер арасында дзюдодан CISM әлем чемпионаты өтті. Әлем чемпионатында әскери дзюдашыларымыз ең мықтылардың қатарына еніп, жеңіс тұғырынан көрінді.

ҮКІЛЕП ҚОСТЫ

Өзбекстанның астанасына ҚР ҚМ Армия орталық спорт клубы 13 әскери қызметшісін үкілеп қосты. Турнир басталар алдында Қорғаныс министрлігі аппаратының басшысы полковник Ербол Құмарбекұлы спортшылар мен ерлер командасының жаттықтырушысы капитан Ғұмар Қыргызбаев және әйелдер құрамасының жаттықтырушысы лейтенант Асан Мәмбетқұловпен кездесті. Ол дзюдошыларға табандылық пен алдағы турнирде сәттілік тіледі.

– Армия командасы чемпионатқа дайын.

Кеше жеребе тасталды. Дзюдошылар тапсырманы жақсы орындап, финалға өтсін деймін. Спортшыларға сенеміз және жанкүйерлерін қуантады деп үміттенеміз, – деді ҚР Қорғаныс министрлігі Спорт комитетінің төрағасы – АОСК бастығы полковник Арман Әбеуов.

СЕНІМ АҚТАЛДЫ

Сөйтіп Ташкентте әскерилер арасында дзюдодан 42-ші әлем чемпионаты басталды. Онда әлемнің 29 елінен 200-ден астам татами шебері бақ сынасты. Байрақты бәсекеңің ашылу рәсіміне ҚР Қорғаныс



министрлігінің өкілдері қатысты.

Ілгеріде сөз еткеніміздей, жарыста ел намысын 13 спортшы қорғады. Олардың арасында Нұрқанат Серікбаев, Бауыржан Нарбаев, Жанарыс Рахметқали, Ғалия Тыныбаева және Бақыт Құсақбаевалар бар. Чемпионаттың алғашқы күні қоржынымызға 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль түсті. Әуелі Нұрқанат Серікбаев 60 келі салмақта топ жарды. Ол финалда командаласы Шерзод Давлатовтан басым түсті. Екеуара кездесу өте тартысты өтті. Негізгі уақытта тең түскен қос дзодошы жеңімпазды қосымша уақытта айқындады. Осылайша, ең жеңіл салмақта екі бірдей балуанымыз ақтық сынға дейін қарсылас шақ келтірмей, алтын мен күмісті өзара бөліп алды.

Сондай-ақ жарыстың бірінші күні белдескен

Жанарыс Рақметқали Қазақстан қоржынына тағы бір жүлде салды. Қола медаль үшін кездесуде ол солтүстіккореялық дзюдошыны жеңді.

Кейін татами төріне көтерілген 73 келідегі Бақытжан Әбдірахманов та армениялық қарсыласынан басым түсіп, үшінші орынға ие болды.

Ал әйелдер арасында қола медальдарды ҚР Қарулы Күштерінің қызметшілері Камила Берліқаш (78 келіден жоғары) және Екатерина Токарева (78 келі) жеңіп алды.

Чемпионатты ұйымдастырушылар 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен аға лейтенант Марат Байқамұровты «Жеңіске деген жігері үшін» арнайы номинациямен марапаттады.

«Мұны армия құрамасының тарихи жетістігі деп атауға болады. Спортшылар жекпе-жек сипатын, жеңіске деген ерік-жігерін көрсетіп, үздік үштікке сенімді кірді. Біз мұны мақтан тұтамыз», – деп атап өтті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Армия орталық спорт клубының төрағасы полковник Арман Әбеуов.

Командалық есепте Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Армия орталық спорт клубының дзюдошылары ең мықты үштікке кіріп, қола медаль

СПОРТ

жеңіп алды.

Татамиде командалық есепте қазақстандық балуандар француздың ең мықты деген дзюдошыларын оңай жеңіп, Оңтүстік Кореядан келген командаға жол берді. Бірақ Алжир мен Испания командаларынан жеңісті жұлып алды. Қола медаль үшін болған күресте қазақстандық дзюдошылар италиялық қарсыластарын 4:1 есебімен жеңді.

НҰРҚАНАТТЫҢ ҚАДАМЫ

Нұрқанат жасөспірім кезінен жарыстарда көптің көзіне түскен еді. Кейін ол ересектер арасындағы додаға нық сеніммен қадам басты. Былтыр қатысқан екі Grand Slam турнирінің екеуінен жүлдемен оралды. Екі жарыс оған үлкен сенім сыйлады.

Биыл ол наурыз айында Тбилисиде өткен Grand Slam турнирінде бар күш-жігерін салды. Сөйтіп Нұрқанат Серікбаев өзінің тұңғыш алтын медаліне қол жеткізді. Сол кезде ол: «Бұл – менің мұндай ірі турнирдегі алғашқы алтыным. Бүгінге дейін үздіктер қатарынан көрінсем де, еліміздің Әнұранын шырқатсам деген ойым орындалмай жүрген. Міне, Тбилисиде бабым да, бағым да қатар шапты. Оның үстіне, қазақ халқының жаңа жылы – Наурыз мейрамында топ жарғаным ерекше қуандым» деген еді.

Айта кетейік, Нұрқанат Серікбаев Тбилисиде өткен Grand Slam турнирінде украиналық Дилшот Халматовты, жартылай финалда әзірбайжандық Балабай Агаевты, финалда Иам Волчакты да таза жеңді. Бұл Нұрқанаттың Grand Slam турниріндегі алғаш рет топ жаруы еді. Оның осы турнирдегі жеңісінен кейін әлемдік рейтингі жоғарылады. 21 жастағы Нұрқанат Тбилисидегі жеңісі үшін 1000

ұпай еншілеп, Халықаралық дзюдо федерациясының жаңартылған рейтингінде 20-орыннан 15-орынға көтерілді. Осылайша ол Париждегі олимпиада ойындарына қатысуға бір қадам жақындай түсті. Бұл Олимпиадаға 60 келіде Қазақстаннан үш балуан – Елдос Сметов, Мағжан Шамшидин, Нұрқанат Серікбаев баруға үмітті болған. Бірақ әр ел бір салмақта олимпиадаға бір ғана дзюдошы апаратын болғандықтан елдің дзюдо федерациясы үш балуан арасында спарринг кездесу өткізді. Сметов екі қарсыласын жеңіп, Парижге бару құқығын иеленген еді.

Дегенмен, Нұрқанат Серікбаевты 60 келідегі үздік балуандар көшінде болғандықтан Елдос Сметовтың ізбасары деп те атайды.

«Осы сөзді көп адамнан естіп, қуанып қалдым. Егер Елдос ағамыздай болсақ, жаман болмайтыным анық. Халықтың мені Сметовке теңеп жатқанына қатты қуанамын. Өзім де сол кісі сияқты болу үшін бар күшімді саламын» деген еді бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында спортшы.

Айтқандай, Ташкентте өткен додада Сметовтің ізбасары екенін танытты. Елдос ағасындай алтыннан алқа тағып, халқын қуантты. Өзінің де төбесі көкке жетті.

«Әскерилер арасында әлем чемпионы болып отырмын. Көңіл-күйім көтеріңкі. Жеңістің дәмін әлі сезе алмай тұрмын. Мықты балуандармен белдестім. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері монгол және кәріс балуанымен шықтым. Сосын италиялық балуан болды. Финалда қарсыласым өз қазақ бауырым болды. Екеуіміздің сыйластығымыз зор» деген еді ол.

КАМИЛАНЫҢ ҚОЛАСЫ

ҚР Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі Камила Берліқаш – Талдықорғанның тумасы. Он екі жасында әкесі дзюдоға берген екен. Содан бері спорттың осы түрі Камиланың жан серігіне айналды. Алғашқы бапкері – әйгілі Асхат Житкеевті жаттықтырған Саят Құдайбергенов. Кейін қаладағы мектеп-интернатқа ауысып, Айдос Уәлиев пен Рахман Наймахановтан жаттығады. Ол 2018 жылы Астанадағы ел чемпионатында топ жарды. Кейін ұлттық құрамаға ілігіп, әлемдік жарыстарда бой көрсетті. Камила Берліқаштың жұбайы Ислам Тоқтасын да дзюдошы.



Олар 2022 жылы отау құрған.

2023 жылы Камила Әбу-Дабиде өткен әлемдік Grand Slam турниріне қатысты. Онда ол күміс жүлдегер атанды. Ол финалда португалиялық Рошель Нуньеспен кездесіп, қарсыласына иппон әдісімен жеңіп алды. Айта кетсек, БАӘ-ның Әбу-Дабиде қаласында өткен Grand Slam жарысына еліміздің атынан 21 спортшы барған болатын. Алайда, Кәмила Берліқаштан басқа спортшылар жеңіс тұғырынан көріне алмады. Содан да болар, биылғы Париж

олимпиадасында ел намысын қорғаған Камилаға сеніміміз мол болды. Өкінішке қарай, ол бірінші белдесуде қарсыласқа есе жіберді. +78 келіде сынға түскен атлет монғолиялық Адиясурен Амарсайханнан ұтылды. Камила кездесу барысында үш рет ескерту бапкері – әйгілі Асхат Житкеевті жаттықтырған Саят Құдайбергенов. Кейін қаладағы мектеп-интернатқа ауысып, Айдос Уәлиев пен Рахман Наймахановтан жаттығады. Ол 2018 жылы Астанадағы ел чемпионатында топ жарды. Кейін ұлттық құрамаға ілігіп, әлемдік жарыстарда бой көрсетті. Камила Берліқаштың жұбайы Ислам Тоқтасын да дзюдошы.

Бірақ, Өзбекстанға барған сапарында олжасыз қайтпады. Ташкентте өткен әлем чемпионатында Камила Берліқаш (+78 кг) Қазақстан қоржынын кезекті қоламен толықтырды. Ол жұбаныш финалында Франция спортшысымен кездесіп, небәрі алты секундта иппон ұлайын тіркеді. Осылайша, Камила әскерилер арасында әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

«Әлем чемпионаты қай жағынан болсын жоғары деңгейде өтті. Біздің спортшыларымыз жарады. Олар жеңіске жетіп, өздеріңе деген сенімділікті арттырды. Қыздарға серпін берді. Екі қызымыз – Камила Берліқаш пен Екатерина Токарева 3-орын алды. Сондай-ақ Ғалия Тыныбаева да жақсы күресті. Қыздардың бастамасы жақсы. Келесі жолы толық құрамда жарысқа апаруды жоспарлап отырмыз», – дейді әйелдер құрамасының жаттықтырушысы лейтенант Асан Мәмбетқұлов.

РИМА ӘБЕУОВА

P.S. Жалпы кейінгі жылдары дзюдодан қыздарымыз төбе көрсетіп жүр. Былтырғы жылы тарихта тұңғыш рет қазақтың екі қызы Grand Prix жарысының финалында өнер көрсетті. Қазақ қыздары Азия ойындары мен Grand Slam жарыстарының финалында күресті. Бұл Қазақстандағы әйелдер дзюдосы ақырындап дамып келе жатқандығын көрсетеді.



«Қуатты армия – Жаңа Қазақстан»



2024

АІВҮН



Республикалық әскери-патриоттық журнал